

"Авиация персоналына күәліктер беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

"Авиация персоналына күәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

- 1) Ұшу екипажы мүшесінің күәлігін беру;
- 2) Сыртқы pilot күәлігін беру;
- 3) Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының күәлігін беру;
- 4) Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың күәлігін беру;
- 5) Женіл және аса женіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың күәлігін беру;
- 6) Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің күәлігін беру;
- 7) Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал күәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту;
- 8) Женіл және аса женіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал күәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту;
- 9) Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчери күәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту;
- 10) Сыртқы pilotтың күәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;
- 11) Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының күәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;
- 12) Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың күәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу;
- 13) Ұшу екипажы мүшесінің күәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту;
- 14) Авиация персоналының күәлігін және (немесе) оған қосымшаны ауыстыру.

| | | |
|---|--------------------------------------|---|
| 1 | Қызмет көрсетушінің атауы | "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" Акционерлік қоғамы |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: 1) Мемлекеттік корпорация; 2) портал. |

| | | |
|---|--|---|
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні; 2) порталға жүгінген кезде – 15 (он бес) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | 1) авиация персоналына куәліктер беру; 2) авиациялық персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту; 3) біліктілік және арнайы белгілердің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту; 4) куәлікті және (немесе) оған қосымшаны жоғалту, ұрлау, бұлдіру, тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) ауыстыру және техникалық себептер жағдайларында ауыстыру; 5) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | 1) ұшу еkipажы мүшесінің, әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру, ұшу еkipажы мүшесінің, әуе қозғалысы диспетчерінің, авиациялық станция операторының, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне біліктілік және арнайы белгі енгізу немесе оның қолданылу мерзімін ұзарту және авиациялық персонал куәлігін және (немесе) оның қосымшасын ауыстыру "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 3-тармағына және азаматтық авиация саласындағы үәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлерінің тізбесіне сәйкес – ақылы. 2) сыртқы пилот, жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың, ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің куәліктерін беру, жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың, ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе ұшу диспетчерінің |

| | | |
|---|--|---|
| | | куәліктерінің қолдану мерзімін ұзарту, сыртқы пилоттың қуәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту – тегін. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | <p>1) уәкілетті ұйымға – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 08:30-ден 17.30-ға дейін.</p> <p>2) мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін түскі үзіліссіз, кезекші бөлімдер дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін;</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша электрондық кезек тәртібімен, жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі, электрондық кезекті портал арқылы "броньдауга" болады;</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті мемлекеттік корпорация немесе портал (портал арқылы берген кезде құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылады) арқылы көрсету:</p> <p>8.1. Ұшу еkipажы мұшесінің қуәлігін беру:</p> <p>8.1.1. ұшу еkipажы мұшесінің қуәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) өтініш:</p> <ul style="list-style-type: none"> - PPL жеке пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), CPL коммерциялық авиациясының пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), MPL көпмұшелік |

| | |
|--|---|
| | <p>экипажының (ұшағының) ұшқышының, ATPL желілік пилотының (ұшақтың, тікүшақтың, әуе кемесінің) куәліктеріне қатысты арттыру жүйесімен), осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>1-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша;</p> <p>- ULAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлгайту жүйесі бар әуе кемесі), LAPL жеңіл әуе кемесі (ұшақтың, тікүшақтың) пилотының, FBPL еркін аэростат пилотының, GPL планер пилотының, FROL бортрадистінің куәліктеріне қатысты ЖСН көрсетілген еркін нысандағы, сондай-ақ жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі-ЖСН) көрсетілген мәліметтерді пайдалануға келісім ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін;</p> <p>- осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>2-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша FNL штурман куәлігіне қатысты;</p> <p>- осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>3-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) куәлігіне қатысты;</p> <p>2) теориялық емтихандарды табысты тапсырғаны туралы сертификатты қоса бере отырып, АОО бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері;</p> <p>3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>4-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша ұшақ пилоттары үшін біліктілік деңгейін тексеру актісінің (LPC) көшірмесі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>5-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша тікүшақ пилоттары үшін ұшуды тексеру актісі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>6-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша ұшуды тексеру актісінің көшірмесі;</p> <p>4) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>7-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған ұшу экипажының мүшелеріне ұсыным;</p> <p>5) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;</p> <p>6) екі фотосурет (турлі-түсті, күнгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қарауышы жағынан он</p> |
|--|---|

| | |
|--|--|
| | <p>жақ бұрышымен);</p> <p>7) тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі;</p> <p>8) радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (халықаралық ұшуды орындайтын ұшу экипажының мүшелері үшін);</p> <p>9) қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;</p> <p>10) ұшу кітапшасының көшірмесі;</p> <p>11) толтырылған сәйкестік парағы, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>8-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша әскери есепке алууды есепке алу (Мемлекеттік авиациядан келгендер үшін);</p> <p>12) ұшу экипажы мүшелері куәлігінің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде);</p> <p>13) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.</p> <p>8.2. Сыртқы pilot куәлігін беру:</p> <p>8.2.1. сыртқы pilot куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қоргалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;</p> <p>2) АОО немесе авиациялық оқу орнын бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері;</p> <p>3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>9-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиация персоналы үшін ұйымның қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылған ұсыным;</p> <p>4) екі фотосурет (түрлі-түсті, күнгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан он жақ бұрышымен);</p> <p>5) тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі;</p> <p>6) қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;</p> |
|--|--|

- 7) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;
- 8) куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде).
- 8.3. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігін беру:
- 8.3.1. әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:
- 1) ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;
 - 2) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптартізбесіне 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиация персоналы үшін азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болса) куәланышырылған ұсыным;
 - 3) АОО бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері;
 - 4) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесі;
 - 5) еki фотосурет (түрлі-түсті, күнгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан он жақ бұрышымен);
 - 6) тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі (ӘҚҚ диспетчері үшін);
 - 7) қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;
 - 8) радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (халықаралық ұшуладарды қамтамасыз ету кезінде);
 - 9) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;
 - 10) куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде);
 - 11) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.
- 8.4. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру:

| | |
|--|--|
| | <p>8.4.1. әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың күәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none">1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>11-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша өтініш;2) АОО-да бастапқы даярлау сертификатының (-ның) немесе егер кандидатта бұрын осы күәлік болмаса, аяқталу мерзімі сертификат немесе диплом берілген күннен бастап 10 жылдан аспайтын мамандық бойынша дипломның көшірмесі, ал азаматтық авиацияда әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал күәлігіне үміткер мемлекеттік авиацияның әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал үшін мемлекеттік авиациядағы қызметтің аяқтағаннан кейін – әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша үздіксіз өтілі болған жағдайда мемлекеттік авиацияның оқу орнын бітірген күннен бастап 20 жыл;3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>12-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналының көшірмесі;4) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>13-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке деректері;5) екі фотосурет (түрлі-түсті, күнгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан он жақ бұрышымен);6) "әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге қатысты адамның мүмкіндіктері" бағдарламасы бойынша оқытудан өткені туралы құжаттың (Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бүйрүгімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламаларының 9 модулінің бағдарламасына сәйкес келетін) көшірмесі № 8785 бүйрүгімен бекітілген) (бұдан әрі – үлгілік бағдарламалар);7) "Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама" бағдарламасы бойынша оқығаны |
|--|--|

| | |
|--|---|
| | <p>туралы құжаттың көшірмесі (ұлгілік бағдарламалардың 10rk модулінің бағдарламасына сәйкес келетін);</p> <p>8) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;</p> <p>9) куәліктің және оған қосымшаның түпнұсқасы (XV тармақ) (куәлікті ауыстыру кезінде);</p> <p>10) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.</p> <p>8.5. Жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін беру:</p> <p>8.5.1. жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>11-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) АОО-да бастапқы даярлау сертификатының (- тарының) немесе егер кандидатта бұрын осы куәлік болмаса, аяқталу мерзімі сертификат немесе диплом берілген күннен бастап 10 жылдан аспайтын мамандық бойынша дипломның көшірмесі, ал азаматтық авиацияда әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігіне үміткер мемлекеттік авиацияның әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал үшін мемлекеттік авиациядағы қызметтің аяқтаганнан кейін – әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша ұздіксіз стажы болған жағдайда мемлекеттік авиацияның оқу орнын бітірген күннен бастап 20 жыл;</p> <p>3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>12-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналының көшірмесі;</p> <p>4) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>13-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке деректері;</p> <p>5) екі фотосурет (түрлі-түсті, күнгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан он жақ бұрышымен);</p> |
|--|---|

| | |
|--|--|
| | <p>6) "Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге қатысты адамның мүмкіндіктері" бағдарламасы бойынша оқытудан өткені туралы құжаттың (Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген) үшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналын кәсіптік даярлаудың үлгілік бағдарламаларының 9 модулінің бағдарламасына сәйкес келетін) көшірмесі № 8785 бұйрығымен бекітілген) (бұдан әрі – Үлгілік бағдарламалар);</p> <p>7) "Қазақстандық және халықаралық авиациялық заңнама" бағдарламасы бойынша оқығаны туралы құжаттың көшірмесі (Үлгілік бағдарламалардың 10rk модулінің бағдарламасына сәйкес келетін);</p> <p>8) жеке қуәліктің (паспорттың) көшірмесі;</p> <p>9) әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдардың (бұдан әрі – коммерциялық емес ұйым) тұрақты жұмыс істейтін Біліктілік комиссиясының ұсынысы және шешімі;</p> <p>10) қуәліктің және оған қосымшаның түпнұсқасы (XV тармақ) (куәлікті ауыстыру кезінде).</p> <p>8.6. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе үшу диспетчерінің қуәлігін беру:</p> <p>8.6.1. ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкердің немесе үшу диспетчерінің қуәлігін алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;</p> <p>2) АОО аяқталғаны туралы құжаттың көшірмесі;</p> <p>3) азаматтық авиация ұйымының қолымен және мөрімен (бар болса) қуәланышылған объективті деректері бар осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>9-қосымшаға</u> сәйкес әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдан басқа, басқа авиация персоналы үшін ұсыну;</p> <p>4) екі фотосурет (түрлі-түсті, күнгірт, өлшемі 3,5 x 4,5 см, фотосуретке қараушы жағынан он жақ бұрышымен);</p> <p>5) қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның</p> |
|--|--|

| | |
|--|---|
| | <p>мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;</p> <p>6) жеке куәліктің (паспорттың) көшірмесі;</p> <p>7) куәліктің түпнұсқасы (куәлікті ауыстыру кезінде).</p> <p>8.7. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту:</p> <p>8.7.1. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none">1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;2) куәліктің түпнұсқасы және оған қосымша (XV тармақ). <p>8.8. Женіл және аса женіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту:</p> <p>8.8.1. Женіл және аса женіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персонал куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none">1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;2) коммерциялық емес ұйымның тұрақты жұмыс істейтін Біліктілік комиссиясының ұсынысы және шешімі;3) куәліктің түпнұсқасы және оған қосымша (XV-тармақ). <p>8.9. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту:</p> <p>8.9.1. Ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер немесе ұшу диспетчері куәлігінің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none">1) ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;2) мамандығы бойынша кәсіптік деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;3) қауіп пен қателік факторларын бақылау қағидаттарын қоса алғанда, адамның |
|--|---|

| | |
|--|---|
| | <p>мүмкіндіктері бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі;</p> <p>4) қуәліктің түпнұсқасы.</p> <p>8.10. Ұшу екипажы мүшесінің қуәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту:</p> <p>8.10.1. ұшу екипажы мүшесінің қуәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) өтініш:</p> <ul style="list-style-type: none">- PPL жеке пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), CPL коммерциялық авиациясының пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), MPL көпмүшелік екипажының (ұшағының) пилотының, ATPL желілік пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, әуе кемесінің) қуәліктеріне қатысты PPL жеке пилоттың жобасы (көтеру күшін ұлғайту жүйесімен), осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>1-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша;- U LAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі), LAPL (ұшақ, тікұшақ) жеңіл әуе кемесінің пилотының, FBPL еркін аэростат пилотының, GPL планер пилотының, FROL бортрадистінің ЖСН көрсетілген еркін нысандағы қуәліктеріне қатысты, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімді;- осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптартізбесіне <u>2-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша FNL штурман қуәлігіне қатысты;- осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптартізбесіне <u>3-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) қуәлігіне қатысты; <p>2) қайта даярлаудың уақыты бойынша соңғы курсардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;</p> <p>3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>4-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша ұшақ пилоттары үшін біліктілік деңгейін тексеру актісінің (LPC) көшірмесі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне</p> |
|--|---|

| | |
|--|--|
| | <p><u>5-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша тікұшақ пилоттары үшін ұшуды тексеру актісі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>6-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша ұшуды тексеру актісінің көшірмесі;</p> <p>4) тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі;</p> <p>5) куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі;</p> <p>6) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.</p> <p>8.10.2. ұшу экипажы мүшесінің куәлігіндегі біліктілік және арнайы белгілердің қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) өтініш:</p> <ul style="list-style-type: none">- PPL жеке пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), CPL коммерциялық авиациясының пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, дирижабльдің, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесінің), MPL көпмүшелік еkipажының (ұшағының) пилотының, ATPL желілік пилотының (ұшақтың, тікұшақтың, әуе кемесінің) куәліктеріне қатысты арттыру жүйесімен), осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>1-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша куәліктеріне қатысты;- U LAPL аса жеңіл әуе кемесі пилотының (мотодельтаплан, автожир, дирижабль, көтеру күшін ұлғайту жүйесі бар әуе кемесі), LAPL жеңіл әуе кемесінің (ұшақтың, тікұшақтың) пилотының, FBPL еркін аэростат пилотының, GPL планер пилотының, FROL бортрадистінің ЖСН көрсетілген еркін нысандағы куәліктеріне қатысты, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;- осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талапта тізбесіне <u>2-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша FNL штурман куәлігіне қатысты;- осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>3-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша FEL бортинженерінің (бортмеханигінің) куәлігіне қатысты; <p>2) мамандығы бойынша кәсіптік деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан</p> |
|--|--|

| | |
|--|---|
| | <p>өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;</p> <p>3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптартізбесіне <u>4-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша ұшақ пилоттары үшін біліктілік деңгейін тексеру актісінің (LPC) көшірмесі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>5-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша тікұшақ пилоттары үшін ұшуды тексеру актісі немесе осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне <u>6-қосымшаға</u> сәйкес нысан бойынша ұшуды тексеру актісінің көшірмесі;</p> <p>4) нұсқаушылардың кәсіби деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері (қажет болған жағдайда);</p> <p>5) тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі;</p> <p>6) куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі;</p> <p>7) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.</p> <p>8.10.3. ұшу екипажы мүшелерінің куәлігінде радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілді білуі туралы арнайы белгінің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none">1) ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;2) радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі;3) куәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі. <p>8.11. Сыртқы пилоттың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту:</p> <p>8.11.1. Сыртқы пилоттың куәлігінде біліктілік және арнайы белгілердің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none">1) ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;2) тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі; |
|--|---|

- 3) уақыт бойынша соңғы қайта даярлау курстарынан өткенін немесе мамандығы бойынша кәсіби деңгейін қолдағанын растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 4) қуәліктің және оған қосымшаның (бар болса) көшірмесі.
- 8.12. Әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының қуәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу немесе олардың қолданылу мерзімін ұзарту:
- 8.12.1. әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының қуәлігіне біліктілік белгілерін енгізу немесе қолданылу мерзімін ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:
- 1) ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;
 - 2) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша біліктілік емтиханын өткізу хаттамасының көшірмесі;
 - 3) тиісті медициналық сертификаттың көшірмесі (ӘҚҚ диспетчері үшін);
 - 4) мамандығы бойынша кәсіптік деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;
 - 5) қуәлікке қосымшаның көшірмесі;
 - 6) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.
- 8.12.2. әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчерінің, авиациялық станция операторының қуәлігіне арнайы белгінің қолданылу мерзімін енгізу және (немесе) ұзарту үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:
- 1) ЖСН көрсетілген еркін нысандағы өтініш, сондай-ақ ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім;
 - 2) нұсқаушының қайта даярлау немесе кәсіби деңгейін ұстап тұру уақыты бойынша соңғы курстардан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері (нұсқаушының арнайы белгісінің қолданылу мерзімін енгізу немесе ұзарту кезінде);
 - 3) радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білуге арналған тестілеуден

| | |
|--|--|
| | <p>өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (радиотелефон байланысында пайдаланылатын тілді білуі туралы арнайы белгіні енгізу немесе оның қолданылу мерзімін ұзарту кезінде);</p> <p>4) куәлікке қосымшаның көшірмесі;</p> <p>5) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.</p> <p>8.13. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу:</p> <p>8.13.1. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "B" немесе "B2" санаттары бойынша "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) Әуе кемелерінің, қозғалтқыштың ұлгілерін және куәліктің санатын көрсете отырып, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) Әуе кемесінің ұлгісіне оқыту курсының практикалық және теориялық элементтерінің өткені туралы құжаттардың көшірмелері, ал қажет болған жағдайда практикалық тағылымдама бойынша жазбалар. Егер сертификатты уәкілетті ұйым оны жүргізетін ТҚҚ және АТҚ ұйымына қатысты мақұлдаса, практикалық тағылымдамадан өту нәтижелері бойынша сертификат беруге жол беріледі;</p> <p>3) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.</p> <p>8.13.2. Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың куәлігіне "C" санатындағы "Ratings" бағанында біліктілік белгісін енгізу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) Әуе кемелерінің, қозғалтқыштың ұлгілерін және куәліктің санатын көрсете отырып, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) З-деңгей бойынша оқытудың теориялық бөлігінен кейін әуе кемесінің ұлгісінде оқудан өткенін және емтихан тапсырғанын растайтын сертификаттардың көшірмелері ("C"</p> |
|--|--|

| | |
|--|--|
| | <p>санатының бірінші жазбасы үшін), ал "С" санаты бойынша әрбір кейінгі жазба үшін-1-денгей бойынша әуе кемесінің талап етілген ұлгісіне оқытуды дәлелдейтін сертификаттар (әуе кемесімен жалпы таныстыру курсы). Егер "С" санатына үміткер осы біліктілік белгісін қуәлікке енгізілген әуе кемесінің және қозғалтқыштың сол ұлгісіндегі "В1" немесе "В2" санаттары арқылы алса, теориялық оқытудан өткені туралы Жеке сертификат ұсыну талап етілмейді;</p> <p>3) ТҚҚ және АТЖ ұйымындағы жұмыс тәжірибесін немесе мемлекеттік авиацияда немесе әуе кемелерін шығару кезінде алынған тәжірибелі растайтын құжаттардың көшірмелері;</p> <p>4) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесі.</p> <p>8.13.3. жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың (AML LA) қуәлігіне біліктілік және арнайы белгілерді енгізу үшін өтініш беруші коммерциялық емес ұйымға мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талапта тізбесіне 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) әуе кемелерінің ұлгісіне немесе түріне АОО-да оқудан өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;</p> <p>3) жұмыс тәжірибесін растайтын, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделетін әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың жеке журналы параптерының көшірмесі; "В3" санатындағы жеңіл және аса жеңіл әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі персоналдың біліктілік деңгейін тексеру актісінің көшірмесі;</p> <p>4) "әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге қатысты адамның мүмкіндіктері" бағдарламасы бойынша оқытудан өткені туралы құжаттың (Ұлгілік бағдарламалардың 9-модулінің бағдарламасына сәйкес келетін) көшірмесі.</p> <p>8.14. Авиация персоналдың қуәлігін және (немесе) оған қосымшаны ауыстыру.</p> <p>Өтініш беруші авиациялық персоналдың тиісті қуәлігін алуға белгіленген тізбеге сәйкес</p> |
|--|--|

| | | |
|---|---|--|
| | | құжаттарды және мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін төленгенін растайтын мәліметтердің электрондық көшірмесін ұсынады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту үшін негіздер | <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 маусымдағы № 362 <u>бүйрығымен</u> бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7058 болып тіркелген) белгіленген біліктілік талаптарына, біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 763 <u>бүйрығымен</u> (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8786 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 703 қаулысымен бекітілген мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларына, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 763 авиациялық персоналдың біліктілік деңгейі, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 31 шілдедегі № 517 <u>бүйрығымен</u> бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15600 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы №324 <u>бүйрығымен</u> бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15325 болып тіркелген), сондай-ақ осы Қағидаларда және үлгілік бағдарламаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс; көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы занды күшіне енген сот шешімінің (укімінің) болуы;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың занды күшіне енген шешімі бар, оның</p> |

| | | |
|----|--|--|
| | | <p>негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнағы құқығынан айырылған;</p> <p>"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.</p> |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІ қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобиЛЬДІ қосымшада авторизациядан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне ауысып, қажетті құжатты таңдау қажет.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут. 2) мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут. <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мекенжайлары мына интернет-ресурстарда орналастырылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі – www.transport.gov.kz "Мемлекеттік қызметтер" бөлімі; 2) көрсетілетін қызметті беруші – www.caakz.com "Мемлекеттік қызметтер" бөлімі. <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8-800-080-7777.</p> |